

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### Оңтүстік Кореяның Ұлттық зейнетакы қызметі: тәжірибе алмасу, жаңа шешімдер және Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою

2024 жылдың 3-5 қыркүйек күндері аралығында "БЖЗК" АҚ өз кеңесінде NPS зейнетакы операцияларының атқарушы директоры Тэ Гю Джонг бастаған Корея Республикасы Ұлттық зейнетакы қызметінің (бұдан әрі - NPS) делегациясын қабылдады. Мақсат - зейнетакымен қамсыздандыру саласында тәжірибе алмасу және екі елдің зейнетакы жүйелерінің үлгілерін, сын-тегеуріндер мен өзекті мәселелерді және оларды шешудің ықтимал жолдарын, сондай-ақ, халықты зейнетакы жүйесімен барынша қамту бойынша өзара ынтымақтастық келешегін талқылау.

Кездесу барысында "БЖЗК" АҚ өкілдері Қазақстанның зейнетакы жүйесінің ағымдағы жай-қүйі, оның құрылымы мен негізгі көрсеткіштері, демографиялық үрдістер, БЖЗК міндеттері, зейнетакы активтерін басқару үлгісі туралы баяндады. БЖЗК-ның жаһандық трендтерге сүйене отырып, халыққа қашықтықтан көрсететін қызмет арналарына және цифрлық қызметтеріне ерекше назар аударылды.

Өз тарапынан Корея Республикасының Ұлттық зейнетакы қызметінің өкілдері (Халықаралық қатынастар орталығының директоры Хэ Джун Ким, салымшыларды/алушыларды қолдау басқармасының менеджері Со Хи Ким, халықаралық қатынастар орталығы директорының көмекшісі Чэ Юн Ким) осы елдегі әлеуметтік қамсыздандыру бағдарламалары, Кореяның зейнетакы жүйесінің қалыптасуы мен дамуы, оған қатысу шарттары, халықты зейнетакы жүйесімен кеңінен қамту шаралары, халықпен өзара іс-қимыл құралдары, атап айтқанда, цифрлық қызметтер және жасанды интеллектті пайдалану, жеткен жетістіктері, сын-тегеуріндер мен жоспарлары туралы баяндап берді.

Кореяның зейнетакы жүйесіне шолу жасауға арналған кездесулердің біріне ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкілдері де қатысты. Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру департаментінің жинақтаушы зейнетакы жүйесі басқармасының бастығы Бақыт Оспанова мен әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру департаментінің базалық әлеуметтік қамсыздандыру басқармасының бастығы Бибінұр Әлімбековалар зейнетакы жүйесіне қатысу шарттары, зейнетакы тағайындау механизмі және т.б. мәселелерді талқылау және тәжірибе алмасуға белсене қатысты.

2024 жылғы 5 қыркүйекте Корея Республикасының Ұлттық зейнетакы қызметі мен "БЖЗК" АҚ арасындағы Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою рәсімі өтті. Меморандум екі ұйымның болашақтағы өзара іс-қимылы үшін берік негіз болады және зейнетакы қорларының қызметіне байланысты мәселелер бойынша ынтымақтастық және тәжірибе алмасу мақсатында жасалды.

"БЖЗК" АҚ Басқарма төрағасы Жанат Құрманов Корея Республикасынан келген әріптестеріне мазмұнды таныстырылымдары, қойылған сұрақтарға берген

жауаптары үшін алғысын білдіріп, семинар БЖЗК қызметкерлері үшін өте мазмұнды да пайдалы болғанын атап өтті. Ол сондай-ақ, қол қойылған Өзара түсіністік туралы меморандум аясында екі ұйым арасындағы өзара іс-қимыл мен тәжірибе алмасудың одан әрі жалғасын табатынына үміт артты.

Кездесу сонында NPS зейнетақы операцияларының атқарушы директоры Тэ Гю Джонг: "Әр жаңа кездесу сайын екі елдің зейнетақы қорлары қызметкерлерінің қарым-қатынасы жаңа кезеңге өтеді. Біздің елдердің әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы ынтымақтастығы одан әрі дами беретініне сенгім келеді", - деп түйіндейді.

*БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*